

АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР СТУДЕНТТЕРДІҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР ӨРІСІН БАЙЫТУДЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып оқыту нәтижесінде жастардың танымдық қызығушылығын, әлеуметтік белсенділігі мен дербестігін, мәдениеті мен өзінің тұлғалық қасиеттерін жетілдіру қабілеттеріне әсер ету арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар өрісін байыту мәселесі қарастырылған.

Түйінді сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технология, интерактивтік оқыту технологиялары, арт-терапия, бейне материалдарды көріп талдау, эвристикалық сұрақтар және аңгімелесу, библиотерапия, құндылықтар, рухани-адамгершілік құндылықтар.

АННОТАЦИЯ

В данной статье рассматривается проблема о том, что применение информационно-коммуникационные технологии в образовательной системе способствуют расширению познавательных способностей, социальной активности, самостоятельности, желание познать и совершенствовать свои личностные качества, таким образом, обогащается духовно-нравственная сфера молодежи

Ключевые слова: информационно-коммуникационные технологии, интерактивные методы обучения, арт-терапия, просмотр и анализ видео материалов, эвристические вопросы и беседы, библиотерапия, ценности, духовно-нравственные ценности.

ABSTRACT

This article considers a problem about using information and communication technologies in educational system and how it helps to expand cognitive processes, social activity, self-dependence, desire to learn and improve personal qualities, in this way, the spiritual and moral sphere of youth becomes enriched.

Keywords: information and communication technologies, interactive methods of teaching, art therapy, review and analysis of video material, heuristic questions and conversations, bibliotherapy, values, spiritual and moral values.

Өмірдің талабына сәйкес Қазақстан Республикасының білім беру саласында көптеген жаңа идеялар мен бағдарламалар енгізілуде. Ондағы басты мақсат өскелең ұрпақтың заман ағымына сәйкес егеменді елімізді бәсекеге қабілетті адам капиталы бар елге айналдыру үшін, алдыңғы қатарлы озық білімі, білім берудің заманауи модельдері және экономикалық өмірдің прогрессивті нысандарын қоғамның игілігіне айналдыру көзделген.

Әлеуметтік-экономиканың тұрақты өсуін, педагог мамандарының абыройы мен беделін арттыру үшін сапалы білімді қол жетімді ету арқылы жалпыадамзат құндылықтары негізінде жоғарғы оқу орнында оқитын студенттерге рухани-адамгершілік білім деңгейін көтеру. Болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін, үзіліссіз өздігінен білімін жетілдеретін, отанын шексіз сүйетін, елінің материалдық-рухани баюына үлесін қосатын жастар тәрбиелеу мәселесі Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламасының мақсатында анық белгілінген [1].

Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында жаңа кезеңнің негізгі міндеттерінің бірі «...осы заманғы білім беру, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, инновациялық технологияларды пайдалану арқылы болашақ мамандарды дайындау сапасын көтеру негізінде жаңа экономиканы дамыту. Білім беру саласында жаңа оқыту технологияларын пайдалану үкіметтің стратегиялық міндеттерін табысты шешуге мүмкіндік береді, болашақ ұрпақты таңдай білу, талдай білу, өзгерте білу, сақтай білу, жеткізе білу, жүзеге асыра білу қасиеттерін дамыту бүгінгі күннің басты талабы», -деп атап көрсеткен [2].

Соған байланысты, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай білім мен тәрбие беруде педагогтар үшін инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеру маңызды мәселелердің біріне айналды. Оқытудың жаңа технологияларын меңгеру педагогтардан орасан зор іскерлік пен шығармашылыққа негізделген ізденістерді қажет етеді. Осындай мақсатты көздеген жүйелі ізденістер педагогтардың жаңа технологияларды меңгеруіне, инновациялық жетілуіне мүмкіндік береді. Сондай технологиялардың бірі ақпараттық-коммуникациялық технология болып табылады.

XXI ғасыр – ақпараттық технологиялар ғасыры. Сондықтан да білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану – бүгінгі күннің талабы. Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру дегеніміз білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту, білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамып, ізденімпаздық, танымдық қызығушылықтарының жоғарылауы, маңызды жаңа ақпараттарды теориялық біліммен ұштастыра білуі - мамандардың интеллектуалдық дәрежесінің көрсеткішін айқындайды. Олай болса, ақпараттық-коммуникациялық технология студент жастардың таным және даму құндылықтарының қайнар көзі болып табылады.

Қазіргі кезде «білім беру жүйесіндегі ақпараттық-коммуникациялық технология» ұғымы бірнеше синонимдік түсініктерді қамтиды, мысалы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «білім берудің жаңа ақпараттық технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары», «оқытудың электронды-коммуникативтік технологиясы» және т.б.

Ғылыми әдебиеттерге жасаған талдауларға сүйене отырып, бұл ұғымдардың күні бүгінге дейін толық мәні ашылмағанын анықтадық. В.М. Монаховтың, Н.В. Апатованың, В. Гузеевтің, А.А. Кузнецовтың, Д.Ш. Матростың, Н.М. Бойконың, Т.А. Сергееваның, В.А. Латышевтің, А.В. Соловьевтің, Г.Н. Александровтың, В.В. Поповтың, Е.К. Хеннердің және тағы басқалары өз еңбектерінде осы түсініктерге талдау жасап, мазмұнын қарастырған. Олардың мәні: үйретуші, тиісті бағдарламалармен қамтамасыз етілген компьютер, үйренуші және оқу материалын кең ауқымда қамту, студенттердің танымдық қызығушылықтарын көтеру, өз ерімен жаңа білімдерді іздеу т.б. мәселелер төңірегінде тұйықталған.

Негізінен, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар білім беру жүйесінде пәнге, мақсатқа, тақырыпқа байланысты ақпараттарды кең мағынада жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретін танымдық үрдіс. Бұл үрдісті жүзеге асырудың негізгі құралы - компьютер. Компьютер - білім беру жүйесінде жаңа дидактикалық мүмкіндіктерді шешуге, тақырыпты кең ауқымды жан-жақты талқылауға, студенттердің өз бетімен ғылыми таным-түсініктерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Дегенмен, бұл құралдың шексіз мүмкіндіктерін әлі де болса білім беру саласында толық пайдаланылмай отырғаны шындық. Оның негізгі себебі, Г.Б.Капбасова, О.В.Захарова, т.б. пікірінше, кейбір оқытушылардың ақпараттық коммуникациялық құзыреттілігі мен ақпараттық мәдениетінің төмендігі. Кейінгі жылдары мұғалімдердің ақпараттық құзіреттілігін жоғарылату курстары мен семинарлары жиі ұйымдастырылып отырса да бұл мәселе толық шешімін таппай отыр.

«Құзыреттілік» түсінігінің ғылыми әдебиеттерде бірнеше түрі кездеседі, мысалы «педагогикалық құзіреттілік», «дара құзіреттілік», «кәсіби құзіреттілік», «арнайы құзіреттілік» т.б. Құзіреттіліктердің тағы бір түрі – ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік. Өздерінің еңбектерінде М.В.Лебедева мен О.Н.Шилова оқытушылардың ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін «оқу-тәрбие әрекетінде, тұрмыстық жағдайларда, кәсіби міндеттерді шешуде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдана отырып, алдына қойған мақсатын толық және эстетикалық тұрғыда шеше білу қабілеттілігі» деп атап көрсеткен.

Авторлар ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті қалыптастырудың базалық, жалпы және кәсіби кезеңдерін бөліп көрсетіп, ақпараттық технологияларды оқыту әрекетінде

қолдану мен кәсіби міндеттерді шешуде пайдаланудың ара жігін ашып көрсетеді. Негізінен ақпараттық құзыреттілікті олар екі деңгейде қарастырған: компьютерлік сауаттылық және компьютерлік білімдарлық [3].

Компьютерлік сауаттылыққа, С.В. Понюкова оқытушылардың «компьютермен өз бетінше жұмыс істей білу, компьютерлік техниканың көмегімен есептеу, жазу, сурет салу, ақпараттарды іздеу дағдылары мен біліктерін» жатқызады. Автордың ойынша, көптеген оқытушылар компьютерлік техниканың осы деңгейін жақсы меңгерген.

Компьютерлік білімдарлыққа пән бойынша көптеген бағдарламаларды жүйелеу, олардың мүмкіндіктерін нақтылау, пән аралық байланыстарды түзу, практикалық, зертханалық сабақтарды бірнеше нұсқаға бөліп деңгейлі бағдарламалар құру, студенттердің өзіндік шығармашылық жұмыстары мен интернеттік түп нұсқаларды салыстыра тексеру, қызықты библиографияға сілтеме жасау және оның сапалы орындалу деңгейін қадағалау сияқты күрделі танымдық әрекеттерді басқару болып табылады [4].

Сонымен, оқытушының ақпараттық–коммуникациялық құзыреттілігі студенттердің танымдық қызығушылықтары мен тұлғалық қасиеттерін байыта отырып, олардың төмендегідей шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға негіз береді:

- ұсынылған ақпараттарды сын тұрғысынан саналы талдау, мақсатына қарай жүйелеу;
- өз бетінше алдына мақсаттар қою және оны негіздеу, мақсатқа жету үшін танымдық әрекеттерін жоспарлау және оны жүзеге асыру;
- ақпаратты өз бетімен іздеп табу, талдау, іріктеу, өңдеу, жүйелеу және тасмалдау;
- логикалық операцияларды (талдау, жинақтау, құрылымдау, тікелей және жанама дәлелдеу, моделдеу, ойша эксперименттеу, материалды жүйелеу, топтау т.б.) қолдана отырып, ақпаратты өңдеу;
- өзінің оқу әрекеттерін жоспарлау және жүзеге асыру үшін ақпараттарды дәйекті қолдану;
- өз ойын, пікірін, көзқарастарын нақты материалдарға сүйене отырып қорғау, жүйелі түрде жеткізу;
- өз бетімен жұмыс істеу дағдысын және аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып тылсым күштерімен әр түрлі тәжірибелер арқылы көріп, сезіну мүмкіндігін кеңейту;
- білім алушының ой-өрісін, дүниетанымын байыту.

Қазіргі кезде білім беру жүйесінде студенттерге дайын ақпаратты беру, дәріс оқу әдістері өткен ғасырдың еншісінде қалды деуге болады. Студенттердің оқуға, білуге, үйренуге деген ынтасын, еңбекке орналасу, жалпы адамгершілік құндылықтар мен жауапкершілік сезімін қалыптастыруда ақпараттық-коммунактивтік технологиялардың алатын орнының ерекше. Мысалы, шетел тілі және биология мамандығында оқитын студенттердің арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижелері интерактивті оқыту әдістерін, ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдана отырып жүргізілген сабақтардың оқуға деген қызығушылықтың артуына және өзара достық қарым-қатынастың орнауына, жолдастарының пікірін білуге және өздерін дамытуға деген қажеттіліктің пайда болғанын атап көрсеткен. Студенттің оқытушымен бірге жасайтын өзіндік жұмысының тапсырмаларындағы көркем фильмдер мен өсиет әңгімелер негізіндегі видеороликтердің рөлін ерекше атап өткен. Олардың болашақ мамандықтары туралы тереңірек ойлануға, фильмнің мазмұнының астарында жатқан өзіңді-өзің тәрбиелеу мен жетілдіруге бағытталған психологиялық идеяны түсінуге, қарым-қатынас жасау кезінде айтылатын сөздердің мағынасын ұғынуға, соның ішінде тіліміздегі лас сөздер мен мақсатымызға жетуге кедергі жасайтын сөздерді қолдану арқылы сәтсіздіктерге тап болатынымызды білдік. Қазақ халқында «ойнап сөйлесең де ойлап сөйле» деген сөздің түп мағынасын ресейдің ғалымы П.Горяевтің ашқан ғылыми жаңалығынан терең ұғынғандырды. Сол арқылы қазіргі кездегі көптеген жамандықтың себептерін ашқандай болды. Осы фильмдер мен өсиет әңгімелер өмірге жаңаша қарап, болашақ жайлы сенімді жоспарлар жасауға көмектесті т.б. Міне бұл студенттердің сауалнамаға берген жауаптары, қарап отырсақ ақпараттық –

коммуникациялық технология тек студенттердің танымдық қызығушылықтарына ғана емес, сонымен қатар, рухани құндылықтар жүйесіне де ықпалын байқатады.

Білім беру практикасында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен шешілетін мәселелер: студенттерді терең кәсіби біліммен қамтамасыз ету, өзіндік шығармашылық білімдерін қадағалау және бағалау; компьютерлік модельдеуді қолданатын зертханалық практикумдер арқылы практикалық дағдыны бекіту; мультимедиа-технология – жаңа материалды түсіндірудегі иллюстрациялық-бейнелі толықтыру, жетілдіру т.б. Сонымен қатар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы студенттердің педагогикалық, өндірістік практикаларын ұйымдастыру, қадағалау, кеңес беру, жетекшілік жасау т.б. кеңінен қолданылады [5].

XX ғасырда студенттер (жалпы ұрпақ) үшін кітаптың маңызы қандай болса, бүгінгі күні білім беру саласында компьютердің рөлі сондай. Компьютердің көмегімен өткізілетін сабақтар студенттердің көңілінен шығып, білімнің сапасы мен оқу мотивациялары әлде қайда жоғары болатындығын өмір көрсетіп отыр. Жастар кітапханаға бармайды, кітап оқымайды деген сөздерді жиі айтылады. Иә, шынында да жастар кітапханаға бұрынғыдай жиі бармауы мүмкін, бірақ кітапты олар интернеттен, мобильдік телефондар арқылы оқиды. Бұл ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың тағы бір мүмкіндіктерін аша түседі.

Педагогикалық үрдісте компьютермен қатар интерактивті тақтаны кеңінен қолданылады. Интерактивті тақта сабақтың негізгі тапсырмаларын, жаңа материалдары есте берік сақтауға, айнала қоршаған орта құбылыстары мен заттары жөніндегі заңдылықтарды, мәліметтерді, деректерді игеруді жеңілдетеді. Студенттер интерактивті тақтамен өтетін сабақтарға, тақырыппен жұмыс жасауға ерекше қызығушылық танытады, тапсырмаларды сапалы әрі жылдам орындап, сабаққа деген ынталары белсенді көтеріледі. Сондықтан да, интерактивті тақтамен жұмыс жасау студенттердің танымдық белсенділігін дамыта отырып, олардың назарын тақырып немесе тапсырма бойынша бірнеше бағытта жүйелі білім жинақтауына негіз береді. Бұл студенттің ақыл-ойын сын тұрғысынан дамытуға, ғылыми мәліметтерді жүйелеуге, нақтылы құбылыстардың ішкі механизмдері мен заңдылықтарын талдап түсінуіне, практикамен сабақтастыруға, болашақ кәсібіне, күнделікті өміріне қажетті деректерді есте сақтауға және тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді. Пәндер бойынша жаңа сабақты түсіну, өткен материалды қайталау, зертханалық, практикалық және өзіндік шығармашылық сабақтарға дайындық кезінде интерактивті тақтаны жүйелі пайдалану әрбір сабақтың әсерлігін және мазмұнын арттырып, студенттердің интеллектуалдық деңгейіне, өздігінен білімдерін көтеруге деген қызығушылықтарына үнемі тиімді ықпал етіп отырады.

Интерактивті тақтаның орасан зор мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдалану оқу – тәрбие процесінде өткізілетін жұмыстардың нәтижелі болуына негіз береді. Қазіргі студент ертеңгі педагог маман, сондықтан ол өз пәнін терең біліп қана қоймай, танымдық, педагогикалық – психологиялық және ақпараттық сауаттылығын институт қабырғасында жүріп қалыптастырса, ертеңгі күні өзінің педагогикалық кәсібінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны шебер қолдана отырып, өскелең ұрпақтың интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани-адамгершілік, азаматтық және басқа да көптеген адами келбеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Сонымен қатар, өзін-өзі жетілдіруіне, болашақта оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына негіз береді.

Қорыта келе, Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына енуі үшін, білімді де зерделі, жан-жақты дамыған дарынды, қабілетті ұрпақ керек. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа жолдауында Ел президенті Н.Ә Назарбаевтың «Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, тәжірибелік қызметте педагогикалық үйлесімділікті шебер меңгерген іскер мұғалім қажет» - деген [2]. Қазіргі уақыттағы білім беру жүйесінің алдында тұрған басты мақсат-еліміздегі білім беру саласын халықаралық деңгейге көтеру және білім сапасын көтеру, жеке тұлғаны қалыптастыру, қоғам қажеттілігін өтеу, оны әлемдік білім кеңістігіне кіріктіру. Бұл мақсаттың іске асуына негіз беретін жолдың бірі – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беру жүйесінде сауатты қолдана білу болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. «Google» сайты.
2. Н.Ә.Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». Интернет материалдары «Google» 2014.3.
3. Лебедева М.В., Шилова О.Н. Компьютерные и коммуникационные технологии в сфере образования. –Казань. 2011, 129 с.
4. Понюкова С.В. Использование ИКТ в образовании. –М., Изд.центр «Академия» -2010.
5. Салихова А.А. Оқу – тәрбие үрдісінде компьютерлік технологияны қолдану мүмкіндігі. //Информатика негіздері// №1, 2010 жыл

Каленова Индира Сапархановна

магистр, ОСШ им.Габдуллина

Пазылова Алтынай Абуовна

магистр педагогических наук,

Байбол Роза, Кемал Мадина

студенты специальности «Иностранный язык:
два иностранных языка» университета «Сырдария»

г. Жетысай

СТИМУЛЯТОРЫ РЕЧЕВОЙ АКТИВНОСТИ

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада орыс тілін шет тіліндей оқыту мақсаты қарастырылады. Қазіргі таңда адамның интеллектуалды деңгейін анықтайтын ең басты қасиеті, оның креативті ойлай алатындығы мен өмірде туындайтын қиындықтарға шынайы тұрғыдан жауап бере алуында болып отыр. Осындай жағдайларда бірнеше тілді білу стратегиялық маңызды мәселе деп айтуға болады. Сонымен қоса бұл – аталмыш салада жоғары нәтижелерге қол жеткізуді жоспарлап отырған қазақстандық білім беру жүйесі үшін де сипатталып айтылғандай. Біз адамдарды бірнеше тілде қарым-қатынас жасауға үйрету мақсатын көздейміз.

Түйінді сөздер: үштілділік, коммуникация, болжам, сөйлеу қызметі.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются вопросы обучения русского языка как иностранного. Статья посвящена проблеме внедрения триязычия, поскольку сегодня это является важным аспектом осуществления языковой политики Республики Казахстан и считается основополагающим принципом учебного процесса. Данный процесс определяет развитие функциональной грамотности, коммуникативных навыков и способности критически мыслить. Объективной исторической закономерностью в настоящее время является повышение требований к уровню образованности человека.

Ключевые слова: триязычие, коммуникация, перспектива, речевая деятельность

ABSTRACT

The article deals with the study of Russian as a foreign language. The article discusses the implementation triyazychiya because today it is an important aspect of the language policy of the Republic of Kazakhstan and is considered a fundamental principle of the educational process. This process determines the development of functional literacy, communication skills and ability to think critically. Objective historical regularity now is to increase the requirements for the education of the person.

Keywords: trilingualism, communication, outlook, speech activity.

Расставляя приоритеты работы в сфере образования, Глава государства в своем Послании народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» отметил, что, как и во всем мире, Казахстану необходимо переходить на новые методы образования. В основе политики триединства языков лежит требование знания гражданами страны казахского языка. Особое значение в языковой политике Казахстана придается русскому языку, который является одним из мировых языков